



Газет 1948  
жылдың 20  
сәуірінен шыға  
бастады

# ҚАЗАҚ университеті

№ 9 (1303), 14-қараша, 2001 жыл

## Ассоциация “Шамшырақ”

**Ассоциация выпускников  
Казахского национального  
университета им. аль-Фараби  
“Шамшырақ” возникла в мае 2001  
года по инициативе выпускников  
университета и отдела по  
воспитательной работе КазНУ.**



Г. Рахимова, к.и.н., координатор  
Ассоциации выпускников КазНУ  
им. аль-Фараби “Шамшырақ”

Главной задачей Ассоциации является объединение всех выпускников университета, вне зависимости от времени окончания университета, места проживания, рода деятельности и занимаемого ими служебного положения на основе приобщения их к современной жизни университета, его проблемам и перспективам, а также установление связей Alma mater с выпускниками, чтобы каждый мог внести посильный вклад в укрепление престижа Университета своим интеллектом, материальным или физическим участием.

Ассоциация выпускников КазГУ им. аль-Фараби “Шамшырақ” - это новая форма взаимодействия высшей школы с обществом. Основные направления работы Ассоциации - это финансовая,



## ВОЗВРАЩЕНИЕ К ИСТОКАМ И ТРАДИЦИЯМ

материальная и моральная поддержка университета и выпускников.

Согласно Уставу “Шамшырақ”, главной целью является объединение интеллектуальных и творческих сил членов Ассоциации для организации и оказания всесторонней социальной и экономической поддержки университету и укреплению его материально-технической базы.

Университету дороги не только выпускники, составляющие славу мировой науки и культуры, но и рядовые учителя, журналисты, естествоиспытатели, на плечах которых и достигается прогресс общества. Все они могут найти в Ассоциации поддержку и помощь.

В настоящее время налажены связи с Ассоциациями выпускников Московского, Томского, Санкт-Петербургского, Казанского государственных университетов. По традиции, в этих вузах Ассоциации возглавляют ректоры университетов. Президентом Ассоциации выпускников Казахского национального университета

“Шамшырақ” является ректор университета, профессор Кожамкулов Т.А.

3 ноября 2001 года члены Ассоциации проводили акцию закладки парка “Шамшырақ”. На это мероприятие пришли выпускники университета разных поколений. Были заложены аллеи выпускников-историков, журналистов, биологов и др. Теперь по традиции выпускники всех факультетов весной могут посадить дерево, тем самым оставив частичку памяти о себе в своем вузе. Ассоциация благодарит проректора по общим и производственно-хозяйственным вопросам, к.х.н., доцента Шалгимбасва С.Т. и начальника отдела по благоустройству Донбаева Т. за большую помощь в хозяйственной организации этого мероприятия - ведь всю тяжелую работу в процессе организации мероприятия выполнили они.

Ассоциация тесно работает с международными организациями. Многие международные фонды работают на развитие общественных

объединений, ассоциаций. В октябре, по инициативе “Шамшырақ”, от университета было подано 26 индивидуальных заявок на гранты по программе CASSA от профессоров, кандидатов наук, молодых преподавателей общественных дисциплин в международную организацию СЕР для публикации своих учебных пособий, для поездок по Центральной Азии и проведения международных конференций.

Ассоциация “Шамшырақ” рекомендовала для участия в

Казахстане только Казахский национальный университет им. аль-Фараби создал подобную структуру в лице Ассоциации “Шамшырақ”, юридически зарегистрированную и имеющую свой банковский счет. И надеемся, что инициатива КазНУ будет поддержана другими вузами страны.

• На снимках выпускники КазНУ им. аль-Фараби разных поколений: “Мы знаем, парку зеленеть!”



## Корни и крона

**Старая добрая истина о том, что в жизни человек должен построить дом, вырастить ребенка и посадить дерево, в который раз подтвердилась в Казахском национальном университете им. аль-Фараби.**

Головной вуз республики, построив крупнейший храм науки, вырастил своих детей-выпускников, которые достойно представляют свою альма-матер во всех отраслях науки, техники, культуры Республики Казахстан, ближнего и дальнего зарубежья.

И вот теперь члены Ассоциации выпускников КазНУ “Шамшырақ” решила посадить деревья, чтобы еще раз обозначить и закрепить свою духовную связь с родным университетом.

Ассоциация выпускников начала свою деятельность 23 мая этого года, когда на открытие были приглашены выпускники КазГУ всех поколений, в том числе - 12

ректоров вузов Алматы. Задача Ассоциации - разработка и осуществление крупных совместных проектов с университетом, развитие международной научной и практической деятельности, реализация различных коммерческих акций.

Организаторы нынешнего мероприятия - заместитель проректора КазНУ по языкам и воспитательной работе Гульнар Сарсенбекова, сотрудник отдела по воспитательной работе Гульнар Рахимова, считают, что главная цель работы Ассоциации выпускников университета - утверждение духа сплоченности, ответственности за свои действия и гордости за родной университет.

Символический смысл посадки деревьев возле Дворца студентов КазНУ достаточно прост: единые корни, единое начало вуза и его студентов, духовная связь, которая с годами только крепнет. Маститые ученые и юные студенты одинаково выразили свое единение с Казахским национальным университетом - молодые деревца будут встречать нас в КазГУграде. Отныне такие акции станут традиционными.

С. ВЕЛИТЧЕНКО, Пресс-служба КазНУ

## Конкурс!

Казахский национальный университет им. аль-Фараби объявляет конкурс на замещение вакантных должностей профессорско-преподавательского состава для занятия их по контракту

4-стр.



Тапқырлар тартысы

# БӘС - қазақша КВН

Қазан айының 29-30 жұлдызында ҚазҰУ-дің төріндегі О.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында “Бәрекелді” өзілкештер сайысы болып өтті. Екі күн бойы БӘС өз көрермендеріне жақсы өзілдері мен ұтқыр жауаптарын сыйлады. Сонымен, сахна алаңында алғашқы күні журналистика факультетінің белгілі “Асабасы”, халықаралық қатынастар факультетінің “InterFaks” тобы, химия факультетінің “Ақ халатты серілері” сынға түскен болатын.



Нагима ОРАЗЫМБЕТҚЫЗЫ

Келесі күні қоғамның көлеңкелі жақтарын астарлы қалжыңға айналдырып бөсекеге түскен физфактан “Еріккен электрондар”, биофактан белгілі “Жеті шоу-бум”, шығыстану факультетінен “Жеті қарақшы”, тарихшылардан “Музей экспонаттары”, сондай-ақ ФФП-ның

“Ойынқуған ойшылдары” өнер көрсетті. Жүзден жүйрік шыққан топтардың жанкүйерлердің ризашылықтарын соққан қолдарынан білуге болады. Қуантарлығы, залда ине шаншар жер жоқ.

Бір қынжылтарлық көрініс - БӘС-тің тақырыбы белгілі болса да жалпы қатысушы топтар өздеріне тақырып қойып алған секілді. Айналып келгендегі сөз Шымкент, Сайын көшесі, Сейфуллин даңғылы, көгілдірлер, т.б. Сонда қоғамда өзіндегі басқа тақырып жоқ па? Неге осы мәселеге ұйымдастырушылар көңіл бөлмейді? Жұртты күлдіріп, көңілің табу үшін жоғарыдағы мәселелерді көтере беру шарт емес.

Биыл Қазақстан халқы тәуелсіздіктің 10 жылдығын тойлағалы отыр. Желтоқсан айында өткізілуге белгіленіп отырған сайыста жоғарыдағы айтылған мәселелер көтеріле бермесе екен, өйткені жауыр болған сөз ешкімді де күлдірмейді.

Тағы да бір мәселе, сахнаға алғаш рет жүргізуші ретінде шыққан “Бәрекелдінің” ұйымдастырушысы Ақылбек Ильяұлы көрермендерді бір “таңғалтып” тастады. Көпшілігімізге залдан шошып отырғандай көрінген ол “жаратылыстану” деген қарапайым сөзден, есептерден жаңылысып, кейбір студенттердің ойына басқа көзқарас қалыптастырып үлгерді. Өйтсе де, бәрін айт та, бірін айт демекші, Ақылбек жасының кішілігіне, тәжірибесінің аздығына қарамай, үлкен жұмыс атқаруы ерлік десе де болады. Өйткені бұл әркімнің де қолынан келе бермейтін жауапты жұмыс.

Біздің бір байқағанымыз, жастар санасында тың идеялардың толы екені көрініп-ақ тұр. “Бәрекелді” өзілкештер сайысының тамыры тереңге тартар деген үміттеміз.

Құлаққағыс

## ҚАЗАҚСТАН - БІЗДІҢ ОРТАҚ ОТАНЫМЫЗ!

2001 жылғы қараша айының 21-күні Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің студенттері, магистрлері, аспиранттары және қызметкерлері арасында мемлекеттік тілді жақсы меңгерген басқа ұлт өкілдерінің сайысы өтеді.

Факультетте мемлекеттік тілді жақсы білетін талантты жастар мен қызметкерлерден топ құрып, төмендегі талаптар бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу қажет:

1. Факультет ерекшелігін ескере отырып, өз топтарын таныстыру (2-3 минут);
2. Өнер сайысы: а) мәнерлеп өлең оқу; б) қазақша оң салу;
3. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің

10 жылдығына және мемлекеттік рәміздерге байланысты сұрақтар:

4. “Қазақша кім көп біледі?” сайысы.

Ескерту: талапқа сай (студент-магистр-аспирант-қызметкер) топ жинақтаған және көзге түскен факультеттерге жұлделі орындар беріледі.

Объявления

## Всемирная история и Казахстан

30 ноября 2001 года на историческом факультете КазНУ им. аль-Фараби состоится республиканская научно-теоретическая конференция на тему “Проблемы всемирной истории в контексте современной казахстанской науки”.

Конференция посвящена 10-летию кафедры истории древнего мира и средних веков.

Конференция проводится по следующей программе:

1 секция. Центральная Азия и Евразия в древности и средние века.

2 секция. Всемирная история и Казахстан в новое и новейшее время.

Приглашаются преподаватели, научные работники, аспиранты, магистранты, студенты.

Материалы (тезисы) будут опубликованы в сборнике научных трудов, посвященном данной конференции. Полные тексты лучших докладов будут включены в Вестник КазНУ, серия историческая, посвященный 10-летию независимости Республики Казахстан.

Форма подачи заявок для участников конференции:

Заполненная регистрационная форма и текст доклада (сообщения) в письменном и электронном вариантах до 15 ноября 2001 года направляются (по почте или лично) по адресу: 480078, Казахстан, г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, исторический факультет, председателю оргкомитета Осколкову В.С. Возможна пересылка по электронной почте. Адрес: E-mail: Osko@kazsu.kz.

Объем сообщения (тезисов) 3-4 стр.

Текст должен быть набран на компьютере в текстовом редакторе (Word 5.0-7.0) 14 кеглем (Times New Roman) для работ на казахском языке 13 кегель (Times Kaz) через полтора интервала. Текст должен быть научно и стилистически отредактирован и сохранен на дискете в формате RTF.

Ответственность за редакцию текста, достоверность фактического материала возлагается на автора (авторов).

Оплата за публикацию - 1500 тенге.

Редакционная коллегия сборника материалов конференции оставляет за собой право отклонять материалы, присланные позже указанного срока и не соответствующие требованиям. Присланные материалы не рецензируются и не возвращаются.

Оргкомитет

## УНИВЕРСИТЕТ МҰРАЖАЙЫ ТАРИХЫНАН

Жоғарғы оқу орындарындағы мұражай - студент жастармен идеялық тәрбие жұмысының негізгі орталықтарының бірінен саналады және жеткіншектерді патриоттық әрі ұлтаралық келісім рухында тәрбиелеуге арналады. Сонымен қатар мұражай - оқу орындарындағы идеологиялық және мәдени ілімдерді дамытудың бірден-бір орталығы болып табылады.

Фараби есімін беру туралы қаулысы.

Мұражайымыз екі үлкен залдан тұрады. Бірінші залда университеттің даму этаптарын айқындайтын материалдар қойылған. Көптеген экспонаттар ҚазҰУ-дің ұйымдастырылуы, алғашқы жылдардағы қадамы және жаңа факультеттердің, аспирантураның ашылуы жөнінде құнды мәліметтер береді. Университет қабырғасына қабылданған алғашқы студенттердің бейнелері, сынақ кітапшасы, студенттік билеті секілді құнды экспонаттар бейнеленген.

Мұражайымыздағы заманымыздың ұлы суреткері, көрнекті ғалым, академик, дүние жүзіне белгілі қазақ жазушысы, профессор М.О. Әуезовке арналған бұрыштың да айтар сыры, берер әсері мол.

Университет мұражайында әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығын сөз ететін арнаулы бөлме бар. Онда ғалым бабамыздың өмірбаяны, еңбектерінен алынған қанатты сөздер, оның әр жылдары түрлі тілдерде жарық көрген еңбектері, Әбу Насыр әл-Фараби жайында жазылған шығармалар, Отырар перзентінің портреті, Фараби мұрасын зерттеуші ғалымдардың еңбектері, әл-Фараби жайында тұстастары жазған бірқатар еңбектері, университетімізге келген шетел қонақтарының сыйлаған сыйлықтары қойылған. Болашақта осы бөлмені кеңейтіп, жаңа тың материалдармен толықтырсақ деген ойымыз бар. Әл-Фараби отаны - Отырар ауданындағы әл-Фараби мұражайымен тәжірибе алмассақ па дейміз.

Екінші үлкен залымызда факультеттердің өмірі мен қызметі, ғылымның қалыптасуы мен дамуы көркем безендірілген. ҚазҰУ-де өткізілген

халықаралық және республикалық конференциялардың бағдарламалары, оқытушылардың ғылыми еңбектері айшықтала қойылған.

Жоғарғы оқу орындарындағы мұражайдың студенттерге тәлім-тәрбие беруде маңызы зор. Мұнда төменгі курс пен жоғарғы курс студенттерімен, мәдениет және ғылым қызметкерлерімен, еңбек ардагерлерімен кездесулер өткізіледі.

Мұражайымызда үш ұрпақтың өкілдері арасында кездесулер мен кештер өткізіп отыру жақсы дәстүрге айналған. Мұндай кештерде жастар Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен еңбек ардагерлерімен кездеседі.

Біздің мұражай қызметкерлері жоғарғы оқу орындарындағы мұражайлармен, атап айтқанда: Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы, Ауылшаруашылық ұлттық аграрлық университеті, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық мұражайымен тығыз байланыс жасасып, тәжірибе алмасады. Мұражай қызметкерлерінің алдында жастарды тәрбиелеу мәселесі ерекше жолға қойылған. Сондықтан қаламыздағы мектептермен де байланыс өте тығыз болуы керек. Жастарды тәрбиелеуде мұражай қызметкерлерінің міндеті оқытушылар мен студенттердің қатысуымен экскурсиялар ұйымдастырып, мұражайдың мәнді де мағыналы экспонаттарымен шебер таныстыру. “Театр киім ілгіштен басталады”, - демекші, алғаш университет қабырғасына қабылданған әрбір студенттің университетімізбен танысуы мұражайдан басталады десем, артық айтқандық болмайды. Бізде жыл сайын жаңа оқу жылы басталысымен әр факультеттің 1 курс студенттерімен экскурсия жүргізіледі. Сонымен қатар біздің мұражайға сырттан шетелдік қонақтар, жоғары дәрежелі делегациялар келіп жатады.

Артық болмас білгенің

## Журфакта радио және тележурналистика кафедрасы қашан ашылды?

Абай СӘДУАҚАСОВ

Радио мен телевизия журналистиканың синтетикалық өнер саласы ретінде бөлініп шыққанына, міне, бір жарым ғасырдай уақыт болыпты. Осы аз уақыттың ішінде ол өміріміздің күнделікті қажетті саласы екендігін өзінің өміршеңдігімен дәлелдеді. Жыл санап емес, күн санап дамып келе жатқан бұл саланың техника-технологиясы да даму үстінде. Міне, осы саланың мамандарын даярлайтын бірден-бір үлкен орын - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің радио-тележурналистика кафедрасы.

Биылғы жылға дейін радио мен тележурналистика кафедрасы жеке-жеке өз алдына кафедра болып келсе, енді екеуі бірігіп, бір терінің пұшпағын илеуде. Бұл дұрыс та. Себебі екеуі де журналистиканың прогрессивті даму үстіндегі синтетикалық саласына жатады. Соңғы кездері “коммуникациялық журналистика” деген ұғым пайда болып, оған интернетті де жатқызып жүр. Бірақ әңгіме онда емес. ҚазҰУ-дің журналистика факультетіндегі радио және тележурналистика кафедрасы қай жылдары ашылды? Мәселен, Мәскеудің МГУ-ындағы журналистика факультетінің радио және телевизия бөлімі 1959 жылы ашылып, алғашқы түлектері 1961 жылы бітіріп шыққан екен (М.Глейзер. Радио и телевидение в СССР). Датy и факты (1917-1963). -М.: Искусство, 1989, 149-бетте). Ал, біздің еліміздегі мамандарды даярлайтын кафедраға байланысты Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінде мынадай дерек бар: “Госкомитет Совета Министров Казахской ССР по радиовещанию и телевидению по-прежнему считает целесообразным организовать с 1965-1966 года в КазГУ отделения радио-тележурналистов, в Институте искусств имени Курмангазы - режиссеров, звукорежиссеров, а также открыть к 1967-1968 учебному году техникум по подготовке кадров для радио и телевидения средней квалификации” (ҚР Орталық Мемлекеттік архив: 1481 қор, 5-тізбе, N343-іс, 43-б). Бұл дерекке қарағанда ҚазҰУ-дің журфағында 1965-1966 жылдарға дейін радио және тележурналистика кафедрасы түгіл бөлімі де болмағанға ұқсайды. Егер бұл деректегі көрсетілген мерзім дұрыс болып, 1965-1966 жылдары ҚазҰУ-де радио мен телевизия мамандарын даярлайтын бөлім ашылып, жұмыс істеген болса, онда біздің кафедрамызға биыл 35 жыл толады екен. Осыған байланысты оқырмандардың басқа дәлелді деректері болса, ортаға салып бөлісуін сұраймыз.



Роза ОМІРӘЛИЕВА, мұражай директоры

Бұл орталықтар ғылыми-ағартушылық орындар ретінде көптеген материалдарды жинап, сақтаудың қызметін атқарады. Оларды насихаттау жұмысымен айналысады. Мұражайдың қызметі өте үлкен. Мұражайдағы экспозициялық көзністер жастарды дұрыс жолда тәрбиелеу үшін маңызды нәрсе. Сонымен қатар олар жастарға эстетикалық тәрбие берудің көзі. Материалдар жинақтау, шежірелік-тарихи ескерткіштерді сақтау сияқты мұражайдың қосымша орталықтары ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізуге көп көмегін тигізеді.

Біз сөз еткелі отырған мұражай - Қазақстан Республикасы жоғарғы оқу орындарындағы ашылған мұражайдың алғашқыларының бірі болып саналады. 80-жылдардың аяғында университет тарихы жайлы мұражай ашу туралы шешім қабылдаған. 1989 жылы наурыз айында салтанатты түрде ашылған Қазақ ұлттық университетінің тарихи мұражайында оқу орнының құрыла бастаған сәттерінен дерек беретін құнды құжаттар жинақталған. Олар: “КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің 1933 жылы 20 қазанда жарияланған Қазақстан үшін кадрлар даярлау және ҚазМУ-ді ашу туралы” қаулысы. 1991 жылы 23 қазанда Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің университетімізге Шығыстың ұлы ойшылы, энциклопедист-ғалым әл-



Мұражайдан көрініс



Сұхбат



ҚАЗАҚТЫҢ САНЫ ҚАНША?

Киіз туырлықты қазақ халқы өзінің барлық мырзалықтары үшін тоқсан бірдің тарихи толқынына қарыздар.

Халқымыздың сандық және сапалық көрсеткішінің оңды бағытқа қарай жылжуы әлеуметтік тұрмыс-тіршілігіне, рухани-мәдени деңгейінің артуына да тікелей байланысты. Және де біздің болашағымыз демографиялық тұрғыдан өсе білуімізге де тәуелді болмақ. Осы ретте “Қазақтың саны қанша, оның келешегін не күтіп тұр?” деген заңды сұрақ туады. Міне, белгілі демограф, Орта Азиялық университетінің ректоры, саясаттану ғылымдарының докторы, академик Мақаш Төтімөпнен болған тілші әңгімесі осы төңіректе өрбиді.

ҚАЗАҚТЫҢ САНЫ ҚАНША?

Гүлнар БАТАЕВА

- Жалпы демография жайлы айтып өтсеңіз?

- Демография бұрынғы кеңестік оталитаризм мен коммунистік партократия кезінде жабық қоғамдық ғылым болған. Жалпы демография жаңа термин. “Демография” деген термин демократия терминімен байланысып тұрады. Екеуінің де түбірі бір “демос”, халық деген мағына беріп, демография - халықты зерттеймін десе, демократия - халық билігі деген мағынаны білдіреді.

Халықтану - демография ғылымының саяси-әлеуметтік, қоғам-құрылыстық, тәрбиелік-психологиялық және тіршіліктік-экономикалық маңыздылығы бүгінде еліміз егемендік алғанда тым артып отыр. “Дербестігіміз - демографияда” деген тұжырымның өміршеңдігін өткен ғаламат ХХ-шы ғасыр дәлелдей берсе, ал алдағы ХХІ-шы ғасыр оны тағы да қатаң сынап көргісі келеді. “Сегіз қырлы, бір сырлы” демографиялық тіршілігіміз

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан-2030” стратегиялық бағдарламасында ұлттық қауіпсіздік ішінде бірнеше басымдылықпен еніп отыр. Онда жас мемлекетіміз қауіпті демографиялық “жарға”, яғни демографиялық “крестке” Ресейдің соңынан ілесіп, түсіп кетіп жүрмендер деп қатаң ескерту жасалған.

- Қазақстандағы демографиялық ахуал қандай деңгейде?

- 1999 жылғы санаққа жүгінсек, демографиялық ахуал нашар күйде. Өйтсе де, 13 жыл бойы ұдайы күрт төмендеу үстінде болған кері бағыт тоқтады. Соңғы жылдары жағдай түзеліп келе жатыр. Биыл статистикалық ақпараттар бойынша 10 мыңға көтерілер деп күтудеміз. Бұл құбылыс демографиялық ахуалымыздың түзелгенін білдірсе керек-ті. Егер оған қоғам және мемлекет жағынан жақсы қолдау

болса, ол кемінде 10-15 жылға созылып, туғандар санын республикамыз бойынша 70-80 мыңға, ал қазақ әйелдері арасында, 1999 жылға ең кеміген 142 мыңнан аттай 200 мыңға дейін жоғарылай алатын жастық тегеурінді қуаты бар жаңа құбылыс болмақшы. Ол негізінен жас ата-аналар қатарының өсуінен болмақшы, ал отбасындағы балалар саны төменгі деңгейде қала бермекші (қазақ отбасында 2-3 бала, ал орыстарда 1-4 бала, орташа статистикалық көрсеткіштер бойынша - 1.85 ғана, 1999 жылы 1.76).

Кешегі 2001 жылдың 30 қазанында Қазақстан Республикасының 2001-2005 жылғы демографиялық даму бағдарламасы жөніндегі отырыста демографтар үкімет алдына концепция қойып, қаулы қабылданды. Концепцияда демографиялық ахуалды жақсарту, көмек көрсету, жағдайды түзетіп, туу деңгейін жоғарылату секілді маңызды мәселелер қаралды. Менің болжауым бойынша, 2012-2015 жылдары туғандар 300 мыңға көтеріліп, туу жоғарылайды деп тосып отырмыз.

- Қазақстандағы халық шетелдерге неге қоныс аударып жатыр?

- Қазақстандағы қоныс 10-15 жылға созылып, әлі де жалғасады. Өйтсе де, көшіп кеткендерден көшіп келгендердің саны біршама көп. Мысалы, бытырғы жылдары 15 мың адам көшсе, 25 мың оралман тарихи отанға оралды, яғни 10 мың адам қосылды.

Қазақтардың саны ағымды статистика бойынша 8 млн. 200 мыңдай. Биыл қазақтар 90-100 мыңға табиғи өсім байқалды. Ал еуропалықтардың жыл сайын 125-130 мыңы кетеді, оның үстіне 40-50 мыңы құрдымға кетеді (туғандардан өлгендер 2-3 есе көбейеді). Табиғи өсімді сақтау үшін кем дегенде 3 бала

әр отбасында болуы керек. Үшінші бала табиғи олқылықты толтырады.

- Бүгінгі күні көрсеткіштің қандай бөлігін қазақтар алып отыр?

Жалпы өсім 1,1%, болашақта 1,5%, тіпті 2%-ға көтере аламыз. Соңғы 55 жылда қазақтың саны төрт есе өсті (1994-99 жж). Осы аралықта елімізде қазақтың саны 2 миллионнан 8 миллионға дейін жеткен, 1987 жылдан бері табиғи өсімнің ұдайы төмендеуі байқалғанымен, 2000 жылы туған балалар саны 9,4 мыңға артты. Егер мемлекеттік қолдау жасалса, туғандар санын он бір жылда 136 мыңнан 200 мыңға дейін жоғарылата алатын демографиялық мүмкіндік бар.

- Ал қазақтың көбеюі үшін қандай шаралар қолдану керек?

- Қазақтың көбеюі үшін алдымен сырттан елді көшіріп, дұрыс орналастыру, жұмыссыздықты азайтып, кедейшілікті жою, жастарды баспамен қамтамасыз ету, материалдық жағдайды жақсарту керек.

- Сіздің 1978 жылы жарық көрген “Развитие народонаселения и демографическая политика” деген кітабыңызда “бұрын әйелдерді аялайық” десек, қазір “ерлерді қорғап қалайық” деген қағида айтылған. Бұл пікір бүгін өзгерді ме?

- Әрине, өзгерді деп айтуға болады. Дегенмен ер адамның өмірі әйелдікіне қарағанда 10-12 жылға қысқа. Мен айтар едім, ерлерді әйелдер, әйелдерді ерлер қорғап, біріп-бірі бағалау керек.

- 1999 жылғы санақтың алдыңғы халық санақтарына қарағанда қандай жетістіктері мен кемшіліктері болды?

- Ең алғаш халық санағы 1897 жылы Ресей империясының жүргізген санағы болды. Содан әр он жыл сайын жүргізіліп келеді. 1999 жылғы санақ егемен мемлекет ретіндегі алғашқы санағымыз. Ол үлкен абыроймен аяқталды. Қомақты зерттеулердің бірі. Кемшілігі, меніңше, 3-4% халық кем саналды. Өйткені санақ күрделі нарық жағдайында өтті.

- Газет оқырмандарына тілегіңіз?

- “Қазақ университеті” газетінің оқырмандарына қайда жүрсендер де аман болып, денсаулықтарыңызды қорғап, жақсы ата-ана болып, кем дегенде 3-4 баланы тәрбиелеп өсірулеріңізге тілектеспін дегім келеді.

XX ғасырдың соңы қазақ халқы үшін зор табыс, жақсы, жағымды жаңалықтарымен қоса ауыр сын да ала келді. Жаңалықтың ең бастысы - ата-бабаларымыз армандап өткен дербес мемлекет болу мәртебесіне қол жеткіздік. Алайда, дүниетанымымыз бен санамызға сіңіп қалған бодандық зардабынан тез арада арылу, оқ бойы озып кеткен өркениет көшін қуып жету қиын.

Ойтолғақ



Әлемді бөлісу жалған ақпарат арқылы жүріп жатыр

Бұл жолда ең бастысы әрі ең қиыны - санамызға берік орныққан жалған ұғымдар мен сенімдерден арылу, сондай-ақ, бір жағынан, ұлттың тілі, діні мен ділін жоғалтпаған, екінші жағынан, өзге елдердегі заман-дастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу болып тұр. Сондықтан халқымыздың дүниетанымындағы қалыптасқан ұғымдар мен түсініктері жаңаша, яғни азат сана тұрғысынан тәрбиелеу қажет. Осылайша, мықты лампаған ел болу үшін осы қажеттіліктер жолында қызмет ету керек.

Ең алдымен, жоғарыда айтылып өткен санаға сіңген жалған ақпарат, ұғымдардан тазару, жігерлі де өнегелі ұрпақ тәрбиелеу және ұлттық тіл мен ділге ерекше мән беру өрекеті басым болмағы шарт. Ал, осы қажеттіліктерді тікелей іске асыратын бұқаралық ақпарат құралдары, ол арқылы қоғамда белгілі пікір, ұғым қалыптасады.

Міне, өз байрағымызды өзіміз желбіреткелі 10 жыл болды. Осы 10 жыл ішінде қоғамда ұлттық тұрғыдан бір ұғым қалыптасты ма, әлде керісінше ме? Бұл мәселені ары қарай қаза түссек, еліміздің БАҚ-ын екіге бөлуге болады, ол - орыс тілді және ұлттық тілді. Өкінішке орай, қазақ тіліндегі бұқаралық ақпарат құралдары орыс тілдегіден әлсіздеу. Осыған байланысты елімізде ұлттық сипаттағы мәселелер онша қарқын ала қойған жоқ.

Біздің заман, яғни ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры екені бәрімізге белгілі. Қазір онымен бұрын-соңды болмаған жұмысты атқаруға, тіпті сол ақпарат арқылы бір елді екінші елмен өлтістіріп, тіпті бір елді бұқара санасында алпауыт елге айналдыруға болады. Бірақ та бір қынжыларлық нәрсе - барлық ақпарат көздерін бағыс елдері өздерінің саясатына ыңғайландырып таратуда. Осылайша, әлемде қожайындық саясатын жүргізіп отыр.

Міне, осы мәселе 70 жыл боданнан кейін ұлттық діліміз бен тілімізді, әсіресе дінімізді тануға үлкен кері әсерін тигізуде. Бұған бірден-бір мысал ретінде БАҚ-та белен алып жүрген тақырып - ислам діні жайында көтеріліп жатқан пікірлердің барлығы дінімізге қайшы, тіпті өзіміздің дінімізді өзімізге қарсы қоюда. Кейде сол көкейіңде тұрады. Ал, бұнымен келіссізін десең, осы шытыс жеріңің, әсіресе ислам діні таралған жерің бұлғақтама танымаған - Фараби, мұстафинаның негізін қалаған ұрпағың бірі Ибн Сина, алгебраның апасы ал-Джабр, космонавтиканың шебері Улықбек, суфизмнің көрнекті қайраткері Қожа Ахмет Яссауи - міне, осы ұлы тұлғалардың барлығы кезінде ислам топырағынан шықты емес пе деген сөкіш сұрау туады. БАҚ-тың таратуына, әсіресе теледидарда қашанда ислам елдері кімсілі. Мысалы, Израил мен Палестина соғысы, мұста мұсылмандар - қара, израилдіктер - ақ, Ресейдегі пәшпен мәселесі. Мұнда да дау солай. Сонда өз елінің тәуелсіздігі үшін күрескен пәшпендер мен палестиндіктер кімсілі? Өздерінің ата-бабаларының қайсар рухы, тамырлы топырағы жолында көтеріле білгендіктері үшін әлемдік көзқараста жағымсыз бейне болып қабылдануы жүй.

Елшілі қауіп - осы апаттың дүниенің барлығы біздің де тәуелсіздігіміздің нығайтып келі әсерін тигізбесе екен деген қауіп...

Сағыныш

Ата, сен тірісің!

Мен әл-Фараби атыдағы Қазақ ұлттық университетінің химия факультетінде 2-курста оқимын. Ұлтым - дүнген.

Гүзел ИВЕЛЕВА

Қазақ тілінен сабақ беретін Гүлмас апай бізге тапсырма берді. Студенттер әр түрлі тақырыпта шығарма жазды. “Туған жер”, “Тәуелсіз Қазақстан”, “Болмасын соғыс, болмасын”, “Ертең не болады?” деген тақырыптарға студенттер жақсы-жақсы шығармалар жазды. Шығарманы студенттің өзі дауыстап оқиды. “Мынау сенің өз сөзің, керемет, ойың қандай тамаша!” деп мақтап алып, “Келісесіңдер ме?” деп бәріміздің ойымызды тыңдайды. Біздің шала-шарпы шығармамызды өзі толықтырады.


- Апай, толықтырып, келесі күні сабаққа әкелуге бола ма? - деп үйге тапсырманы өзіміз сұраймыз. Апай маған: “Рас, Гүзел, Отан деген сенің атан, сенің өзің. “Отанды басқа деп ойлай алмаймын” дегенің өте дұрыс”, - деді. Мен шығармамды өзімнің сүйікті газетім “Қазақ университетіне” жолдап отырғаным да “Университет - менің Отаным” деген сенім еді.

“Маған ең жақын адам кім?” деген сұраққа жауап бергім келді. Ол - атам. Менің өмірге келгеніме ең қатты қуанған да атам болу керек. Себебі, атам мені нәресте кезімнен ойнатты, менімен

сөйлесті, ертегілер айтып берді. Бақшаға өзі апарып, өзі алып келетін. Атам жұмыстан келгенде атам менің қызықтарымды айтып мәз болып күлетін. Қонаққа да қолымнан жетектеп аларғаны есімде. Мен мектепке барғанда атамның қуанғанын көрсеңіз ғой... Қатты қуанды. “Сенің мектебің - екінші үйің. Сен осы жерде он бір жыл оқисың. Үлкен азамат болып шығасың”, - деді. Атам менімен бірге оқыған сияқты. Бастауыш сыныпта оқығанда өзі апарып, үйге келген соң үй тапсырмасын орындауға көмектесетін.

Қайран атам, мені бәрінен қорғайтын, біреулер ренжитсе, сол адамға өзі ренжитін. Ал мен университетке оқуға түскенде ол ең бақытты адам болды. Туыстарына, достарына менің студент болғанымды мақтаншыпен айтып жүрді. Бір күні маған: “Балам, сен азамат болдың. Сенің ең қымбат дүниен - Отаның. Ол саған бәрін беріп жатыр. Ал сенің Отанға қызметің алда. Сен де Отаныңа адал бол”, - деді.

Қазір атам жоқ... Бірақ атамның мейірімді жанары, қоныр үні әлі көз алдымда. Ендеше, менің атам мәңгі тірі.





# Конкурс!

**Казахский национальный университет им. аль-Фараби объявляет конкурс на замещение вакантных должностей профессорско-преподавательского состава для занятия их по контракту**

**ЗАВЕДУЮЩИЕ КАФЕДРАМИ:**

иностранных языков (е.ф.); математического анализа; вычислительной и прикладной математики; математического моделирования; генетики и молекулярной биологии (д.б.н., профессор); микробиологии (д.б.н., профессор); катализа, коллоидной химии и нефтехимии; аналитической химии и химии редких элементов; химической физики и химии высокомолекулярных соединений; органической химии и химии природных соединений; геоморфологии; менеджмента СМИ и рекламы; периодической печати; издательского дела и редактирования; древней и средневековой истории Казахстана;

источниковедения и историографии; истории древнего мира и средних веков (д.и.н., профессор); международного права; международных отношений и внешней политики РК; современных восточных языков; гражданского и предпринимательского права; философии и методологии социального познания; политологии; конституционного и административного права; уголовного процесса; криминалистики и судебных экспертиз; стран Дальнего Востока; общеобразовательных дисциплин подготовительного факультета для иностранных граждан; общего языкознания; новой и новейшей истории зарубежных стран; новой истории Казахстана; оптики и

физики плазмы; казахской литературы; русского и казахского языков подготовительного факультета для иностранных граждан.

**ПРОФЕССОРА КАФЕДР:**

философии и методологии науки-2; политологии-0,5 ст.; физики твердого тела; казахской филологии-2; теории художественного перевода и литературного творчества; русского языка; теплофизики и молекулярной физики; экономической теории; мировой экономики; общего языкознания.

**ДОЦЕНТЫ КАФЕДР:**

физвоспитания и спорта; ботаники; иностранных языков факультета МО; политологии-2; маркетинга и коммерции-3; древней и средневековой истории Казахстана; экономико-математических методов-3; мировой экономики-2; цитологии и гистологии; туризма; периодической печати; издательского дела и редактирования; этнической и педагогической психологии-2; истории казахской и зарубежной философии; электроники и нелинейных волновых процессов;

органической химии и химии природных соединений; МО ЭВМ и математической кибернетики; казахского языка (г.ф.); экономической и социальной географии; природо-ресурсового и экологического права.

**СТАРШИЕ ПРЕПОДАВАТЕЛИ КАФЕДР:**

иностранных языков (е.ф.); 1-ая гуманитарная кафедра иностранных языков; стран Дальнего Востока-3; гражданского и предпринимательского права; иностранных языков факультета МО—2; новой и новейшей истории зарубежных стран; туризма; периодической печати; истории казахской и зарубежной философии-2; электроники и нелинейных волновых процессов; вычислительной и прикладной математики; теории художественного перевода и литературного творчества; современных восточных языков.

**АССИСТЕНТЫ КАФЕДР:**

древней и средневековой истории Казахстана; ботаники.

**Срок подачи документов — 1 месяц со дня публикации.**



Александра ШТОПЕЛЬ, студентка 2 курса механико-математического факультета

## Загляни в мое сердце, В нем увидишь любовь

**Поэзия**

Сядь и подумай  
О жизни своей,  
Знаешь, ведь в жизни много дверей,  
Ты на распутье - куда же илти?  
Как бы мне счастье свое не пройти.  
Просто подумай  
И выбери дверь  
И смело иди по дороге своей.

Утро. Нудно.  
Серо. Трудно.  
Солнце встало.  
Я устала.  
Универ. И снова пары.  
Лучший друг меня запарил.  
Препо. Мел. Доска. Звонок.

Лекция. Ты чуть не слых.  
Люди. Улица. Трамвай.  
Город, как большой сарай.  
Дом. Семья. Другие люди.  
Завтра точно так же будет.  
Ночь. Кровать. Кошмарный сон.  
Сердца бьются в унисон.  
Тебя нет. И я одна.  
Надоело. Умерла.

Он был непреклонен:  
Вы больны.  
Мир перевернулся,  
Хоть умри.  
Смерти ждать недолго:  
Месяц, два.  
А потом лишь мрак и пустота.  
Боже мой, за что же это мне?  
Есть ли справедливость на земле?

“Вы умрете, детка”, - вот ответ.  
Я жила на свете лишь двадцать лет...

Дождь. Мокрые зонты.  
Звонок. Знаю, это ты.  
Опять хочешь мне сказать:

“Люблю. Согласен жизнь всю ждать”.  
Нет. Я не для тебя.  
Отвечу, грусти не тая.  
Нет. Я совсем не та,  
Кого ты ждешь всю жизнь любя.  
Ты, ты меня прости.  
И просто отпусти.  
Жить я так не могу.  
Ведь тебя я не люблю.  
Пусть будет светел путь.  
Ты обо мне забудь.  
Да, я совсем не та.  
Гудок. Больше нет тебя...

Ночь. Тишина.  
Дом. Пустота.  
Молчит телефон.  
В постели не он.  
Ночь. Ты одна.  
Подруга луна.  
Там, за окном.  
Где может быть он.  
Упала звезда.  
Тебе не до сна.  
Не хочется спать.  
А лучше летать.  
Открыла окно.  
Но как же темно.

Внизу только мрак.  
И в небе никак.  
Сказала: “Прощай”.  
Шагнула в печаль.  
Ушла в никуда.  
Подруга луна.

Загляни в мое сердце,  
В нем увидишь любовь.  
Я дарить тебе буду ее вновь и вновь.  
Я хочу, чтоб ты верил,  
Что пройдет хоть сто лет,  
Мы всегда будем вместе,  
Мой родной человек.  
Будет грустно и трудно -  
Ты меня позови.  
Я приду и утешу.  
Крепче ты обними.  
Все печали, тревоги  
Обойдут стороной.  
Просто твердо я знаю,  
Что всегда ты со мной.  
Впереди нас дорога,  
И по ней мы пойдем.  
И под нашей звездой  
Мы всю жизнь проживем.  
И увидишь, что сердце -  
Не стареет оно.  
В нем моя к тебе нежность,  
Моя чудо-любовь.

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор - Бекжан Әшірбаев;  
Бас редактордың орынбасары - Нәйлә Садықова;  
Жауапты хатшы - Дарига Амангельдиева;  
Теруші - Айтгүл Бабасова;  
Көркемдеуші-беттеуші - Айдын Әбдібекұлы;  
Фототілші - Арман Сәрсенбиев;  
Немірдің кезекші редакторы - Сәндібек Жұбаниязов.

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;  
Ж. ДӘДЕБАЕВ - проректор;  
Е. Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана директоры;  
А. ЕЛІБАЕВА - студенттердің “Суңқар” кәсіподақ ұйымының төрайымы;  
Б. О. ЖАҚЫП - декан;  
Ш. ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ - кафедра меңгерушісі.

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 10-кабат, 1000 бөлме

Немір “Полиграфсервис” баспасында 14.11.2001 ж. басылды

Бағасы келісім бойынша Таралымы - 1000 дана Көлемі 1 б.т. Индексі 65989 Тапсырыс № 321

Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді

2002 Баспасөз-2002 Баспасөз-2002 Баспасөз-2002 Баспасөз-2002 Баспасөз-2002 Баспасөз-2002 Баспасөз

### БАСПАСӨЗ – 2002

Құрметі оқырман!

Өздеріңізге белгілі, биылғы жылғы газет-журналдарға жазылу науқаны басталып та кетті. Солардың арасындағы сүйікті басылымдарыңыз “Қазақ университеті” газетіне жазылуды да ұмытып кетпеңіздер.

Газеттің индексі 65989.

Бір жылға жазылу бағасы - 521 теңге 76 тиын.

Газетке жазылу еліміздің кез-келген нүктесіндегі байланыс бөлімшесінде жүзеге асырылады.

